

"Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді табыс ету қағидаларын және нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырда № 16866 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді табыс ету қағидаларын және нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10586 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну қағидаларын және нысанын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңының 5-бабы 5-1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес";

мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің нысаны осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми

жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы " _ " _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 9 сәуірдегі
№ 453 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 140 бұйрығына 1-қосымша

Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну қағидалары

1. Осы Қағидалар "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңының 5-бабы 5-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және темекі бұйымдарының өндірісін жүзеге асыратын және мониторингке жататын тұлғалар үшін мәліметтерді (бұдан әрі – мәліметтер) ұсыну мерзімі және тәртібін айқындайды.

2. Мәліметтерді темекі бұйымдарының өндірісін жүзеге асыратын тұлғалар (бұдан әрі – декларант) тиісті мемлекеттік кіріс органына тапсырады.

3. Мәліметтерді тапсырудың есепті кезеңі күнтізбелік ай болып табылады және мәліметтер есептіден кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей, ай сайын тапсырылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген ірі салық төлеушілер тізбесіне кірген салық төлеушілер, осы Қағидаларға сәйкес мәліметтерді ұсынбай Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес мәліметтерді ұсынады.

5. Мәліметтер қағаз немесе электронды тасығышта табыс етіледі.

6. Мәліметтерді толтыру кезінде:

Фильтрсіз сигареттер (мың дана/мың теңге)									
Папиростар (мың дана/мың теңге)									
Сигаралар (мың дана/мың теңге)									
Сигариллалар (мың дана/мың теңге)									
Темекі (кг/мың теңге)									

Кестенің жалғасы

Импорт						Есепті кезеңнің соңындағы қалдық	Акциздер есептелді	Акциздер төленді	
Жалпы	Р е с е й Федерациясынан	Беларусь Республикасынан	Армения Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Үшінші елдерден				
10	11	12	13	14	15	16	17	18	
Фильтрлі сигареттер (мың дана/мың теңге)									
Фильтрсіз сигареттер (мың дана/мың теңге)									
Папиростар (мың дана/мың теңге)									
Сигаралар (мың дана/мың теңге)									
Сигариллалар (мың дана/мың теңге)									
Темекі (кг/мың теңге)									

_____ / ____ / _____ мәліметтерді беру күні _____

Басшының (Салық төлеуші) қолы _____ м.о. _____ күн, ай, жыл сандармен аты-жөні, тегі (болған кезде)

_____ / ____ / _____ мемлекеттік кірістер органдарына Бас бухгалтердің (Салық төлеуші) қолы _____ мәліметтерді қабылдау күні _____

_____ аты-жөні, тегі (болған кезде) _____ ш.о. _____ күн, ай, жыл сандармен

_____ / ____ / _____ Мәліметтерді қабылдаған тұлғаның қолы аты-жөні, тегі (болған кезде)

Ескертпе: Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме көрсетілген нысанның қосымшасында келтірілген.

"Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер"

"Мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Мәліметтерді толтыру темекі бұйымдарын өндіру, сату және акциздерді төлеуі көрсетіледі.

2. "Декларант туралы жалпы ақпарат" бөлімінде декларант мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;

2) салық төлеушінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес декларанттың толық атауы немесе жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

3) Декларация берілетін салық кезеңі. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

3. "Есепті кезеңнің басындағы қалдық" 1-бағанда есепті кезеңнің басында декларантта бар фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің қалдығы көрсетіледі;

"Өндіріс" 2-бағанда есепті кезеңде декларант өндірген фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Өткізу" 3-бағанда есепті кезеңде декларант өткізген фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Экспорт барлығы" 4-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тысқары декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Ресей Федерациясына экспорт" 5-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Ресей Федерациясына декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Беларусь Республикасына экспорт" 6-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Беларусь Республикасына декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Армения Республикасына экспорт" 7-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Армения Республикасына декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Қырғыз Республикасына экспорт" 8-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Қырғыз Республикасына декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Үшінші мемлекеттерге экспорт" 9-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде үшінші мемлекеттерге декларант экспорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Импорт барлығы" 10-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегіне декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Ресей Федерациясынан импорт" 11-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Ресей Федерациясынан декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Беларусь Республикасынан импорт" 12-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Беларусь Республикасынан декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Армения Республикасынан импорт" 13-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Армения Республикасынан декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Қырғыз Республикасынан импорт" 14-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде Қырғыз Республикасынан декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Үшінші мемлекеттерден импорт" 15-бағанда жеткізуге жасалған келісімге (шартқа) сәйкес есепті кезеңде үшінші мемлекеттерден декларант импорттаған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің саны көрсетіледі;

"Есепті айдың соңындағы қалдық" 16-бағанда есепті кезеңнің соңында декларанта қалған фильтрлі сигареттердің, фильтрсіз сигареттердің, папиростардың, сигаралардың, сигариллалардың, темекінің қалдығы көрсетіледі;

"Акциздер есептелді" 17-бағанда есепті кезең үшін акциздерді есептеу көрсетіледі;

"Акциздер төленді" 18-бағанда есепті кезең үшін акциздерді төлеу көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК